

**«Мектепке дейінгі жастағы балалардың топ жағдайында
мінез-құлқын басқару және базалық когнитивтік функцияларын
дамыту»
біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына**

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің жұмысындағы құзыреттілік тәсіл» біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы №175 бұйрығына сәйкес әзірленген. Біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасы жалпы ережеден, глоссарий, бағдарлама тақырыптары, мақсат, міндеттері, мазмұны және құрылымы, білім беру үдерісін ұйымдастыру, бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, курстан кейінгі педагогикалық қолдау және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ұсынылып отырған бағдарламада мынандай ұсыныстар беріледі:

1. Жалпы ережелер бөлімі бойынша бағдарлама талаптарға сай қарастырылған. Бағдарлама тақырыбы, мазмұнының өзектілігі қоғам сұранысы деп түсіндіріледі. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарына сәйкес және жаһандық білім беру трендер ескеріліп дайындалған.

2. Глоссарий бөлімі бойынша 18 ұғымға түсініктеме және оның ішінде «Кәсіби рефлексия», «Нейропсихологиялық даму негіздері», «Applied Behavior Analysis (ABA)» және т.б. деген ұғымдарға толық сипаттама берілген.

3. Бағдарлама тақырыптары бойынша курс бағдарламаның жаңашылдығы дәстүрлі пәндік-әдістемелік тәсілден («сабақтарды қалай өткізу керек») функционалды-дамытушы және нейропедагогикалық тәсілге көшумен айқындалады деп көрсетеді. Көрсетілген глоссарий бөліміндегі ұғымдар тақырыпта аталмайды. Атап айтсақ, Applied Behavior Analysis (ABA), Positive Behavior Support (PBS), Executive functions (атқарушы функциялар), Executive functions (атқарушы функциялар), Executive functions (атқарушы функциялар)

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері бойынша курс тақырыбына сай мақсаты, міндеттері, мазмұны және күтілетін нәтижелері логикалық байланыста берілген.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны 3 модульдық тақырыптарына сәйкес мазмұны берілген. 1-модуль. «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі қызметінің нормативтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық негіздері», 2-модуль. «Мектепке дейінгі жастағы баланың

дамуының заманауи ғылыми тәсілдері», 3-модуль. «Балалардың мінез-құлқын топ жағдайында басқару» деп аталып мәселелері қарастырылады. Әрбір модульдегі тақырыпшалар жалпылама мазмұнда берілген.

6. Оқу процесін ұйымдастыру бойынша біліктілікті арттыру курсы бағдарламасы 80 сағат. Формасы бойынша онлайн және офлайн форматымен берілген. Соның ішінде қашықтықтан оқытуда бейнесабақтар, вебинарлар, онлайн-форумдар және онлайн-кеңестер, онлайн-лекцияларды, вебинарларды, практикумдарды, шеберлік-сыныптарды, кеңестерді, жобалық және рефлексивті қызметті онлайн-платформалар мен цифрлық білім беру ресурстарын (Zoom, Google Classroom, Moodle және т.б.) көрсеткен. Дәрістер (ақпараттық-түсіндірмелік формат); тәжірибелік сабақтар (педагогикалық тәсілдер мен алгоритмдерді пысықтау); тренингтер және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу; нақты мектепке дейінгі тәжірибеден алынған кейстерді талдау; тыңдаушылардың өзіндік жұмысы (рефлексия, тапсырмаларды орындау, бақылауларды талдау).

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік камтамасыз етілуі бөлімі бойынша тыңдаушыға арналған дәріс материалдарын, практикалық тапсырмалар, теориялық материал; тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар; өзін-өзі бағалау және рефлексия құралдары деп берілген.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау бөлімі бойынша тыңдаушылардың қалыптастырушы бағалау, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар (педагогикалық кейстерді талдау, алдын алу және қолдау бағдарламаларын жобалау), тыңдаушының өзін-өзі бағалауы және рефлексиясы арқылы бағаланады.

9. Курстан кейінгі қолдау бөлімі бойынша Тыңдаушылармен курстан кейінгі қолдау онлайн (синхронды), онлайн (асинхронды), тәжірибеге бағытталған формат, әдістемелік қолдау, кәсіби даму форматында жүзеге асырылады деп мәлімдейді.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі бойынша негізгі және қосымша әдебиеттер берілген.

Сараптамалық қорытынды: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың топ жағдайында мінез-құлқын басқару және базалық когнитивтік функцияларын дамыту» тақырыбындағы оқу бағдарламасымен келісу деген сараптамалық қорытынды беріледі.

Негіздеме: Сараптамалық кеңестің 2026 жылғы 25 маусымдағы отырысының № 44 хаттамасы.

Сараптамалық кеңес мүшесі



С. Жисенбаева